# Атырау облысы Құрманғазы ауданының Аққөл поселкесін ауыл санатына жатқызу туралы

Атырау облыстық мәслихатының XXIV сессияда қабылданған II сайланған 2003 жылғы 6 маусымдағы N 312-II шешімі. Атырау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 14 шілдеде N 1562 тіркелді

Құрманғазы ауданының өкілетті және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 2572-XII "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабы 3 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат және облыс әкімі **шешім етті:**

1. Атырау облысы Құрманғазы ауданының Аққөл поселкесі ауыл санатына жатқызылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 09.10.2014 № 19 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 326-V бірлескен шешімдерімен (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Гурьев облыстық еңбекшілер депутаты кеңесі атқару комитетінің 1974 жылғы 12 карашадағы N 444 Теңіз ауданы Аққөл селолық кеңесінің орталығы - Аққөл селосын қалалық поселке санатына жатқызу туралы шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Құрманғазы ауданының әкімі және аудандық мәслихат осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

| |
|---|
| *Облыс әкімі* |
| *Облыстық мәслихаты XXIV сессиясының төрағасы* |
| *Облыстық мәслихатының хатшысы* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК